

Лексикалық–грамматикалық және елтану тестілері

9-сынып

1. Жедел өткен шақтағы сөз тіркесін табыңыз.

- A) Ән салмақ.
- B) Ұзақ қарап отырады.
- C) Ашық айтамын.
- D) Жақсы түсіндіңіз бе?
- E) Біз тыңдадық.

2. Антонимдік жұпты көрсетіңіз.

- a) Тез– жылдам
- b) Ұзын – ұзақ
- c) Татуласу – жарасу
- d) Ащы – тұщы
- e) Демалу – жату

3. Тұйық етістіктің жұрнағы жалғанғанда соңғы дыбысы өзгертін сөзді көрсетіңіз.

- a) Кел
- b) Бар
- c) Жап
- d) Айт
- e) Жүр

4. «ақ» деген сөздің тура мағынасында қолданылған жерін көрсетіңіз.

- a) ақ қант
- b) істің ақ, қарасы
- c) ақ ниет
- d) ақ жүрек
- e) ақ іштік

5. Осы режиссердің әрбір фильмі ... аяқталады.

- a) әнге
- b) әнмен
- c) әніне
- d) әнде
- e) әннен

6. Сілтеу есімдіктерін атаңыз.

- A) анау, бүкіл, түгел
- B) әлдекім, әлдебіреу, әлдеқайда
- C) өзім, өзі, өз
- D) біреу, кейбір, бірнеше
- E) қай?, кім?, не?

7. Мен өзімнің ... жауап күтіп отырмын.

- A) сұраққа
- B) сұрағыма
- C) сұрағыммен
- D) сұрақтарын
- E) сұрақты

8. Достық тақырыбындағы мақалды табыңыз.

- A) Ұрлық түбі-қорлық
- B) Отан-оттан да ыстық
- C) Ата-баланың қорғаны
- D) Жақсыны жолдасынан таниды
- E) Бес саусақ бірдей емес

9. Біздің ботаникалық бақ ... бай.

- A) сирек өсімдіктер
- B) сирек өсімдіктерге
- C) сирек өсімдіктерден
- D) сирек өсімдікпен
- E) сирек өсімдіктің

10. Қалау райды табыңыз.

- A) Менікі емес.
- B) Бара жатыр.
- C) Көргім келеді.

D) Көрдім.

E) Кездесетін болдық.

11. Қай сөйлемде болжам бар?

A) Күнде сабаққа барамын.

B) Ертең айтармын.

C) Кеше театрға бардық.

D) Бұрын досым маған жиі келетін.

E) Алматы бұрын астана болған.

12. Күзде күннен түн ...

A) ұзағырақ

B) қысқа

C) кішірек

D) қысқалау

E) аздау

13. Берілген сөйлемді толықтырыңыз. Сабақты етістік - ...

A) табыс септігіндегі сөзді қажет етпейтін етістік

B) қимылды білдіретін төл етістік

C) сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалған етістік

D) табыс септігіндегі сөзді қажет ететін етістік

E) бір сөзден тұратын етістік

14. Қай сөйлемде «ма» болымсыз етістіктің жұрнағы ретінде бірге жазылатынын белгілеңіз.

A) Бала(ма) айт.

B) Бұл да бір амал(ма).

C) Сен ойла(ма).

D) Балдай тәтті ал(ма).

E) Ол жақсы бала(ма).

15. Сабақтас сөйлемді табыңыз.

A) Жиналыс бітті де, халық тарай бастады.

B) Мен үлкенмін, содықтан сен мені тыңдауың керек.

C) Мен кітабымды беріп едім, бірақ ол алмады.

D) Оның бүгін кеткісі келмеді және күн суық болды.

E) Ертең күн жылы болса, біз тауға барамыз

16. Жаңа өзен қаласы Қазақстанның қай бөлігінде орналасқанын көрсетіңіз.

A) батысында

B) шығысында

C) орталығында

D) оңтүстігінде

E) солтүстігінде

17. Ұлттық ойынға жатпайтын сөзді белгілеңіз.

A) елтаңба

B) алтыбақан

C) тоғыз құмалақ

D) көкпар

E) қыз қуу

18. Балалар үшін шешесінің туыстары қалай аталатынын анықтаңыз.

A) ата, әже

B) нағашы, нағашы жұрт

C) ата-ана, әке-шеше

D) жиен, немере

E) жезде, жеңге

19. Ғарышқа үшінші боп ұшқан қазақ ғарышкерін табыңыз.

A) Т. Әубәкіров

B) Д. Оңалбеков

C) А. Айымбетов

D) Т. Мұсабаев

E) М. Әлібеков

20. Қазақстанның мұнайға бай өлкесін белгілеңіз.

A) Шығыс Қазақстан

B) Оңтүстік Қазақстан

C) Сарыарқа

D) Солтүстік Қазақстан

E) Батыс Қазақстан